




*Жылы жаққа ұшпайтын  
Біздің жақта қыстайтын  
Құстар жүрсе жуықта  
Жем шашуды ұмытпа!*

*Қарға, қарға, қарғалар,  
Қар үстінде жорғалар.  
Боран соқса қар болар,  
Бұтаға қонар қарғалар.*

*Қандай суық қыс деген,  
Қалтырайды құс деген.  
Құлақшынды кимесең,  
Құлағыңды тістеген.*






*Желтоқсан - айы ызғардың  
Бұлт торлап басып күздардың  
Аю боп аяз ақырар  
Қалыңдап беті мұз-қардың*

*Аяз сүйіп қарсы алған  
Жердің аппақ тұлғасы.  
Қыстың айы қаңтардан  
Басталады жыл басы.*

*Менің атым ақпан,  
Келдім суық жақтан.  
Тонып қалма балалар,  
Аязымнан сақтан.*



*Ауыл маңы қар аппақ,  
Қызықтар көп не түрлі.  
Ақ дәптерді парақтап,  
Қыс отырған секілді.*

*Біз батыл боламыз,  
Жылы үй, қорамыз  
Ақ ұлпа қарыңнан  
Аққала соғамыз.*



## «АЛАҚАЙ, ҚЫС КЕЛДІ!»

*Аяз қысып,  
Өрнек сызып  
Терезені торлайды.  
Қарда амбызып,  
бет домбызып  
Балалар сырғанап ойнайды.*


*Кейде ұлып  
кейде ысқырып  
ұйқып боран соғады.  
Бөбектерім айтыңдаршы  
Бұл қай кезде болады? (ҚЫС)*

*Көңілді қыс. Ш. Мұхамеджанов*

*Бір топ бала сырғанап,  
Барады әне жарысып.  
Қалды артта қар алап,  
Іздерінен қар ұшып.*


*Сәтке қарап тұрмайсың,  
Көңілді еді қыс қандай.  
Шаңғыменен зырлайсың,  
Қанат бітіп ұшқандай*






*Аппақ көше бар бала,  
Аппақ ойлар, қыраттар.  
Ақ шатырлы қырқалар  
Ақ жамылып тұр бақтар.*

*Аулада ойнап, шулайды  
Қар лақтырып балалар.  
Сырзанақта зулайды  
Шаңғылар мен шаналар.*



*Боран гулеп соғады,  
Айналаны орады.  
Баста – тымақ,  
Үстінде – тон.  
Қайсар қалай тоңады?*

*Аяғында – саптама,  
Өзіне дәл, шақ қана.  
Қолда – қамшы, астында – ат.  
Мақта, мейлі  
Мақтама.  
Қайсар бейне атамдай,  
Қой қайырған шопандай*



*Далада қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды  
Мұз болады, қатады  
Жып жылтыр боп жатады.*

*Аралайды бақшаны,  
Үзілмейді жақсы әні.  
Гүлденеді бақшалар,  
Жауса жаусын ақша қар*





*Жауды, міне қар аппақ,  
Айналаның бәрі аппақ,  
Жасырыпты жолдарды,  
Тегістепті оларды.*

*Үстін жауып көлдердің,  
Бетін бүркіп белдердің.  
Жастық етіп тауды асқақ,  
Жантайыпты жамбастап.*




*Лебі мұздай ызариты  
Алып келді қыс қарды.  
Қысқы түндер ұзарды  
Ұзақ күндер қысқарды.*

*Жасыл емес жайнаған  
Ақ мамық қар айналаң  
Сырзанақта ойнайсың  
Қызыққа енді тоймайсың  
Алақай-ау, алақай  
Қыс келіп тұр, балақай!*

Бііх төбе көк тайғақ,  
Шана теуіп ойнаймыз.  
Соқсада аяз қақпайлап,  
Қызыққа еш тоймай - мыз,  
Аяздан біз қорықпай,  
Ұла қарға ойнаймыз.

Айналаны әптак қыл,  
Түнде қар мол жауыпты.  
Қыр үстінде топ бала  
Салды сыйран-сауықты.



Біз төбені сырғанақ,  
Таудан төмен сырғанақ,  
Бір шапада екеуіміз  
құдамайды екенбіз.

Ақ шапамыз зырлайды,  
Ақ қар оны шыңдайды.  
Біреу шаңғы тебеді,  
Құйындатып келеді.



*Шеберін ай аяздың,  
Әйнектерді қағаз зып.  
Әшекейлеп қойыпты,  
Бірнеше ою ойыпты.  
Суреттерді әр үйге,  
Әйнектерге әрине.  
Түнде салып береді*

*Қырды жапты күміс қар,  
Далада жаңа тыныс бар.  
Бұталар жалт - жұлт етеді,  
Кәдімгі бейне хрусталь.*



*Далада қар борайды,  
Ақ мамыққа орайды  
Мұз болады, қатады  
Жып жылтыр боп жатады.*

*Аралайды бақшаны,  
Үзілмейді жақсы әні.  
Гүлденеді бақшалар,  
Жауса жаусын ақша қар.*

*Аппақ қыстың бояуы,  
Аппақ қыстың бораны.  
Ақ көрпеге орайды,  
Ақ қар байтақ қаланы.*

*Аяз шымшып қояды,  
Суық та аздап болады.  
Туған жердің ақ қысы,  
Ақ құшағын жаяды.*



Ақ шапамыз зырлайды,  
Ақ қар оны шыңдайды.  
Біреу шаңғы тебеді,  
Құйындатып келеді.

Жас ұланмын шыныққан,  
Жасқанбаймын суықтан.  
Қардан жасат аққала,  
Сырганаймыз шаттана.

Қар жауыты далаға,  
Қар жауыпты қалаға.  
Сырганаймыз біз енді,  
Отырып ап шапаға.






*Үйге кірші торғайым  
Мен аяздан қорғайын.  
Жем шашамын, жегейсің  
Үйшік жасап берейін.*

*Ақ жамылған бақтар да,  
Қыратым да, сайым да.  
Тағыпты қыс ақ қарын  
Үкі етіп ақ қайыңға.*




A winter night scene with a church spire, snow-covered trees, and a bird on a branch.

*Айналамда ұшып жүр,  
Ақ мамық қар себелеп.  
Жалт-жұлт еткен бейне бір,  
Ұшып жүрген көбелек.*


*Тал - шыбықтар шайқалып,  
Тентек боран ұлиды.  
Ысқырады айналып  
Айналада бір үйді.*

*«Айтады өлең» құтырып,  
Үрейлі тым «өлеңі»  
Аппақ қарды сыпырып,  
Үй іргесін көмеді.*




*Қырау қатып жазаға  
Аяз беттен өбеді  
Бірі мініп шанаға  
Бірі шаңғы тебеді.*

*Қандай қызық қыс деген  
Бәрін шебер істеген  
Бақша бауды, тауды да  
Бояған ақ түспенен.*



*Жапалақ қар себелеп,  
Аспан астын қаптаған  
Секілді көп көбелек  
Қонарға жер таппаған.*

*Ағаштардың жапырағын  
Ашулы жел тонайды  
Ақ жамылған далада,  
Қар борайды, борайды.*

A vibrant winter scene illustration. In the foreground, a snowman with a black hat, orange scarf, and red mittens stands in the snow. To the left, two small birds with orange and black plumage are perched on a snow-covered branch. To the right, another bird is perched on a branch. In the background, a cozy wooden cabin with a snow-covered roof is nestled among snow-laden evergreen trees. The sky is a mix of blue and pink, suggesting a sunset or sunrise. The overall scene is bright and cheerful.

*Қыс келді, қыс келді  
Ақтарып ақ қарды  
Аралап қайтайық  
Ақ күміс бақтарды.*

*Ақ қалғаппен құшақтап,  
Сақылдайды қыс аппақ  
Өзен теңіз, тау төбе  
Кизен аппақ сәукеле.*

Аязды келіп қыс,  
Алғашқы қар ұшты.  
Аппақ боп үстіміз,  
Аққырау жабысты.

Сықырлаған аязда,  
Шымыр біздің денеміз.  
Шаңғы теуіп ақ қарда,  
Құстай ұшып келеміз.

«Шана» Қ.Мырза Әлі

Қыр басына шарқ ұрып,  
Бір орында тұрмаймыз.  
Шана сүйреп барамыз.  
Қырдан төмен ағамыз.  
Қалдықтіпті алқынып,  
Ұшқан құстай зулаймыз,  
Қандай ауыр шанамыз.



*Ғ. Орманов «Аққала»*

*Ауыл алды ақша қар,  
Ақша қарда балалар  
Соғып жатыр аққала,  
Жалқауы жоқ жұмысқа.  
Кіп-кішкене доп қана.  
Бірі әкеліп қар үйіп,  
Бірі қарға су құйып,*

*Күліседі күлімдеп:  
«Бітірейік»-деп қана.  
Біреуі әйнек ойыпты,  
Біреуі есік қойыпты,  
Өздеріне шақ қана  
Бірі-инженер, бірі-ұста.*



*Қыс келді, қыс келді,  
Ақтарды ақ қарды.  
Ақ қарды шимайлап,  
Шаңғымен сызалық.*

*Ішік, пима, қолзаптар,  
Арада жоқ тоңзақтар.  
Баста қалың малақай,  
Біз тоңбаймыз, алақай.*



*Аппақ, аппақ қар аппақ,  
Айналаның бәрі аппақ,  
Қырау-қырау жол аппақ,  
Қар жамылған тал аппақ,*

*Уақыт мол бөлеміз,  
Қыс қызығын көреміз.  
Сары аязға шыңдалып,  
Шымыр болар денеміз.*

*Жылда осылай келеді,  
Көп қуаныш береді.  
Шашу етіп біздерге,  
Ақ күмісін төгеді.*

